

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақысын белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2025 жылғы 9 шілдедегі № 234 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ырғыз ауданы әкімдігінің айқындаған шарттар мен белгілеген тәртіпте жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ырғыз аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ырғыз аудандық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына 30 пайыз ынталандыру үстемеақысы белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

М. Тұрымов